

"Шетел, қазақ және орыс тілдері бойынша түсу емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 301 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 29 маусымдағы № 421 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шетел, қазақ және орыс тілдері бойынша түсу емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 11 шілдедегі 301 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 8 тамызда № 7104 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 12 маусымдағы № 313-317 (27391) жарияланған) күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.С. Ысмағұлова) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж і б е р у д і ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

Т. Балықбаев